



АЛАТАУ

Ардагері



alm_obl_ardager@mail.ru

Алматы облыстық қоғамдық-саяси газеті

№31 (93) 1 тамыз 2025 жыл

Кездесу

ӘСКЕРИ-ПАТРИОТТЫҚ ТӘРБИЕНІ ҚАЛЫПТАСТЫРУ- ардагерлер мен жастар сабақтастығының диалогы



Алматы облысы әкімдігінің мәжіліс залында «Ардагерлер ұйымы» облыстық қоғамдық бірлестігі «Жастар тәрбиесі – адамзаттың мәңгілік тақырыбы» атты кездесу өткізді. Жиынға Алматы облысы ішкі саясат басқармасының басшысы Ерік Абитов, Қонаев қаласы мен аудандардың ардагерлер кеңестерінің, «Асыл ана» қоғамдық бірлестігінің және «Алатау жастары» ұйымдарының төрағалары қатысты.

Алматы облыстық ардагерлер қоғамдық бірлестігінің төрағасы Ерболат Тұрымбетов тәуелсіз мемлекеттің болашағы жас ұрпақтың қолында екенін, балалар тәрбиесі, білімі, денсаулығы секілді проблемаларды бүкіл қоғам болып ынтымактаса шешу керектігін, осы бағытта ардагерлер ұйымдары жастар арасында еңбек, ізгілік, адамгершілік тәрбиесін насихаттау, сонымен қоса «Жастар тәрбиесі – адамзаттың мәңгілік тақырыбы» тақырыбында қала, аудандық ардагерлер ұйымдарында жиындар өткізілгеніне тоқталып, басқосудың түйінді мәселесі «Әлемнің әр түкпірінде түрлі соғыс оттары өршіп тұрғанда, ел қауіпсіздігінде енжарлық танытып, әскерден қашып, шақыру қағазын елемей жүрген азаматтар біздің облыста да бар» деп ортақ тақырыпта пікір-ұсыныстарын білдіруге шақырды.

Жастардың әскер қатарына өз еріктерімен бармауы, денсаулығын тексеру жағдайы, жауапты құрылымдардың ұйымдастырушылық мәселесі жөнінде әңгіме тиегі ағытылып, әскерге шақыру жұмыстары жыл сайын көктем мен күзде жүргізіп келеді. Алайда, бұл мәселеде қалыптасқан күрделі жайттар қоғамның аландаушылығын туғызып отырғаны анық. Оның себебі мен салдары туралы Қонаев қалалық әскерге шақыру бөлімінің басшысы Жәмила Бұқарбаева баяндамасында тоқталып өтті.

«Биылғы жылғы көктемгі азаматтарды әскери қызметке шақыру Алматы облысының жергілікті әскери басқару органдары жергілікті атқарушы органдарымен ҚР нормативтік-құқық актілеріне және Алматы облысы әкімінің 19 ақпандағы №47 қаулысы негізінде ұйымдастырылып өткізілді. Көктемгі әскерге шақыру науқанына облысымызға берілген тапсырма саны 1742 адамды құраса, облысымыз 1763 азаматты Отан алдындағы борышын өтеуге аттандырды», - деді Жәмила Бүркітқызы.

Одан кейін 2025 жылғы 16 шілдеде Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Токаев «Әскери органдардың функцияларын қайта бөлу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» сол қойған заңына енгізілген өзгерістерге байланысты: «Түзетулердің 1-ші блогы азаматтарды әскери-патриоттық тұрғыдан тәрбиелеу жүйесін жетілдіруді және осы саладағы жұмысты күшейтуді

көздейді. 2-ші блок әскери міндеттілерді даярлау және қайта даярлау деңгейін арттыруды мақсат тұтады. 3-ші блок әскери есеп жүргізу және әскери қызметке шақыру жүйесін жетілдіруге бағытталған. 4-ші блок әскери атақтар беру тәртібін оңтайландыруға, Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерін, басқа да әскерлері мен әскери құрылымдарын жасақтауға және әскери қызметшілердің мәртебесін биіктетуге арналған. 5-ші блок әскери қызметтің беделін көтеруді қарастырады. 6-шы блок жастарды әскери қызметке кешенді даярлауға жағдай жасау мәселесін назарға алған. 7-ші блок



мемлекеттік қорғаныс тапсырысын іске асыруды дамытуға көңіл бөледі» деп түсініктеме берді.

Залдан қойылған сауалдарға әскери қызметтерін атқарған жастар жұмысқа орналасуда, жоғары оқу орындарында білім алуы үшін ҰБТ тапсыруы міндетті еместігі, сондай-ақ әскерде жүрген кезде тәртібі мен білімімен көзге түскен жастарға жоғары оқу орындарында мемлекеттік грантпен білім алуына сертификат берілетіндігі жайлы бөлім басшысы нақтырақ жауап берді..

Одан кейін сөз алған Қонаев қалалық ардагерлер ұйымының төрағасы Базарбай Оралбаев, Іле ауданының Ащыбұлақ ауылының «Асыл ана» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Жанар Қойшыбаева, Қарасай аудандық «Алатау жастары» ұйымының төрағасы Жарқынай Сәдуа-ва еліміздің келешегі тәрбиелі, білімді болып қалыптасуына ардагерлердің қосып жатқан елеулі үлестерін айта келіп,

жастарды кәсіби шеберлік пен нақты еңбекке баулуда ардагерлердің тәжірибесі мен өнегесі жастар үшін үлкен тәрбие мектебі екендігін өз баяндамаларына арқау етті.

«Бүгінгі өткізіліп отырған іс-шара ұрпақ тәрбиесіне арналған аса маңызды босқосу, онда ардагерлердің өмірлік тәжірибесі мен даналығы жастарға жол көрсетуші шамшырақ болады деп сенемін. Облыс бойынша жастарға әскери-патриоттық және отансүйгіштік тәрбие беру бағытында ауқымды шаралар ұйымдастырылуда. Биыл мысалы «Жастар саясатын насихаттау және

деструктивті діни ағымдардың алдын алу», «Оқушылар мен жастар арасында нашакорлықтың, зиянды әдеттердің, қылмыстың алдын алуға бағытталған іс-шараларды ұйымдастыру», «Елдің болашағы - жастар» жобалары қарастырылған. Ата Заңымыз әр азаматтың құқығы мен бостандығын қорғауға кепілдік беріп, елдің тұтастығын, қоғамдық келісім мен бейбітшілікті қамтамасыз етіп келеді. Сондықтан бәріміз жастармен халық арасында Ата Заңның ел дамуындағы орны мен құндылығын насихаттауға бағытталған жұмыстар жүргізуіміз қажет.

Ұрпақтар сабақтастығы арқылы ғана біз қоғамда еңбек мәдениетін қалыптастырып, Отанға деген шынайы сүйіспеншілікті тәрбиелей аламыз. Ардагерлер мен жастар арасындағы бұндай диалог - осы сабақтастың көрінісі. Сіздерге шынайы алғысымды білдіре отырып, атқарып жатқан қажырлы еңбектеріңіздің арқасында еліміздің жарқын болашағына берік негіз қаланып жатқанын ерекше атап өткім келеді» - деді Алматы облысы ішкі саясат басқармасының басшысы Ерік Абитов.

Жиынды қорытындылаған Алматы облыстық ардагерлер қоғамдық бірлестігінің төрағасы Ерболат Тұрымбетов қоғамдық бірлестіктердің төрағаларына әскери-патриоттық тәрбиені қалыптастыру мәселелеріне баса назар аударып, құқық қорғау және жергілікті әскери басқару органдарымен, білім саласы басшыларымен тығыз қарым-қатынас орнатып, жүйелі жұмыс істеу қажеттігін еске салды. Сонымен қатар облыстық ардагерлер ұйымының алда атқарылатын жұмыс жоспарларымен бөлісті.

Зарыққан ӘБІЛҚАСЫМҰЛЫ.
Қонаев қаласы.

Апта жаңалықтары

ҚАПШАҒАЙ МЕН БУРАБАЙҒА БЕТ АЛҒАН ЖҰРТ САНЫ РЕКОРД ЖАҒАРТТЫ

Шілденің басындағы демалыс күндері Қазақстанда туристік бағыттарға бет алған көлік қозғалысы артты, деп хабарлайды BAQ.KZ тілшісі.



Мереке күндері ақылы жол учаскелері арқылы 288 мыңнан астам автосапар тіркеліп, ішкі туризмнің белсенділігі байқалған.

ҚазАвтоЖол баспасөз қызметі мәлім еткендей, ең танымал бағыттардың бірі Алматы-Қонаев ақылы учаскесі болды. Онда 161 мыңнан астам сапар тіркелді. Бұл жол Қапшағай мен Алакөл көлдеріне, ұлттық парктер мен қорықтарға, сондай-ақ басқа да көрікті туристік нысандарға апарды.

Екінші орында Астана-Щучинск бағыты. Бұл жолмен жүргізушілер 66 мыңнан астам рет сапарға шыққан. Көптеген демалушылар Бурабай мен Щучинсктегі орманда, таулы аймақ пен су айдындарда уақыт өткізеді. Сондай-ақ, жаяу жүріп, велосипедпен экологиялық жолдар арқылы серуендейді.

РЕАЛИЗАЦИЯ ПРОЕКТОВ ПОЗВОЛИТ УПРОСТИТЬ ДОСТУП К МЕДУСЛУГАМ

В Уйгурском районе Алматинской области за счёт средств, возвращённых в государствен-ный бюджет при содействии органов прокура-туры, реализуются проекты в сфере здравоохранения, передает BAQ.KZ.



На выделенные ресурсы в сёлах Малый Дихан и Диирмени Ават начато строительство врачебных амбулаторий, а в населённых пунктах Дардамты и Шырын возводятся фельдшерско-акушерские пункты. Ход строительных работ проинспектировал заместитель прокурора Уйгурского района.

«Реализация проектов позволит значительно упростить доступ к медицинским услугам для более чем 10 тысяч сельских жителей.

Подрядные организации ориентированы на строгое соблюдение сроков, обеспечение качества работ и эффективное использование бюджетных средств», - сообщили в Генпрокуратуре РК.

АЛМАТЫДАҒЫ БАЛАЛАР ҮЙІ ҚОНАЕВ ҚАЛАСЫНА КӨШІРЕЛЕТІН БОЛДЫ

KAZINFORM – Алматы облысының білім басқармасы Бағанашыл ықшамауданында орналасқан №1 балалар үйі тәрбиеленушілерінің Қонаевқа көшіру мәселесіне қатысты пікір білдірді.

Бұған дейін әлеуметтік желілерде аталған мекеменің тәрбиеленушілерінің видеоңдеуі тараған еді. Онда олар үш ай бұрын облыс әкімімен өткен кездесуде көшіру болмайды деген келісім жасалғанын жеткізді.

Алайда, сол келісімге қарамастан, балалар үйін басқа қалаға – Қонаевқа көшіру мәселесі қайта көтерілгенін айтты. Олар көшуге қарсы. Аталған жағдайға байланысты Алматы облысының білім басқармасы түсініктеме берді. Айтуларынаша ғимарат апатты жағдайда тұр.

Осыған байланысты Алматы облысы әкімінің 2025 жылғы 9 шілдедегі қаулысы және білім басқармасының 10 шілдедегі бұйрығы негізінде тәрбиеленушілерді кезең-кезеңімен Қонаев қаласындағы жаңа заманауи балалар үйіне көшіру жұмыстары басталды.



Рухани диалог

Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің қолдауымен бастау алған «Ардагер өсиеті» республикалық жастар марафоны Алматы қаласынан Қонаев қаласына келіп жетті. Марафонның басты мақсаты ел қорғаған ерлердің ерлігін есте қалдырып, жас ұрпаққа үлгі ету, ұлттық құндылықтарға баулу, дәстүрлі өнерге деген құрметті арттыру, ұрпақтар сабақтастығын нығайтып, жас буынды тарихи жадыны сақтау мен ел бірлігін нығайтуға бағытталған.

Қалалық Ардагерлер саябағында облыстық жастар, қоғамдық бірлестіктердің өкілдері, Қонаев қаласының ардагерлері, жастар мен еріктілер қатысты. Салтанатты шара Данқ мемориалы ескерткішіне гүл себеттерін қойып, екінші дүниежүзілік соғыста қаза тапқан боздақтар рухына тағзым жасаумен басталды. Жиынды ашқан Алматы облыстық жастар саясаты басқармасы басшысының міндетін атқарушы Ләззат Мырзабекова Ақтөбе қаласынан басталып, еліміздің батыс және оңтүстік өңірлерін аралап, Қонаев қаласына келіп отырған «Ардагер өсиеті» республикалық жастар эстафетасының жастар үшін рухани маңызына тоқталып, жобаның жауапкершілік пен ұрпақтар сабақтастығын тереңінен сезіндіретін бастама екенін айтты.

Шопандар басқосуы

Шалкөдедегі «шопандар тойы»

Бір кездері «Шопандар тойы» кең дала төсінде мыңғыртып мал өргізген шопандар үшін мереке еді. Қазір нарықтың талабына сай жеке шаруа қожалықтар иелері күнкөрісі үшін шағын қорасынан азын-аулақ ұсақ мал өргізгендері болмаса, бұрынғы колхоз-совхоз кезіндегідей отар-отар қойды қаптата жайған шопандар жоқ екені белгілі.

Тіпті, «Қазақтың қазақ болып қалуы, осынау ұлан-байтақ жердің иесі атануы төрт түлік малдың көктеуі мен жайлауын, күзеуі мен қыстауын күзеткен аталарымыздың еңбегінде жатса керек. Бұрындары шопандардан қадірлі адам болмайтын. Өйтсе де бүгінгі заманына қарай шаруагерлердің, сондай-ақ осы салада еселі еңбек етіп жүрген ветеринария дәрігерлердің көңілін көтеру, тынымсыз еңбек күндері арасында мереке сыйлау, олардың ерен еңбегін дәріптеу, насихаттау, мал шаруашылығының ел экономикасындағы маңыздылығын көрсету мақсатында араға қырық жылдан аса уақыттан кейін, соңғы екі жылдан бері Ұйғыр ауданында «Шопандар тойы» мерекесі кең көлемді аталып өтілуде. Өсілі, мал күтімі де оңай шаруа емес. Ақ таяқты қолға алып, алдына төрт түлікті иіріп ұстағанның бәрін осы саланың маманы деуге келмес. Бабын таппаса, мал да өспейді. Түрлі кеселдің кесапағы да төрт түліктің жанына қас болатыны белгілі. Осы тұста атакәсіпті дөңгелетіп отырған шопандардың еңбегі еленіп, мерейінің үстем болғаны кім-кімге де қуаныш болса керек. Ал енді шопандар тойын олардың бір жылғы төккен терлерінің есебі деп айтуға да болады. Себебі, қы-

стан аман-есен шықты, малын төлетті, міне енді жайлауға шықты. Бұл жерде біраз тынығып, қайтадан іске кіріседі. Себебі малшы қауымы «мал баққанға бітетінін» жақсы түсінеді. Тіпті, бүгінгі таңда төрт түліктен нәпақасын айырған жұртшылыққа мемлекет тарапынан қолдау көрсетіліп, жағдай жасалуда. Оған дәлел-әр малдың басына және оның өніміне төленетін субсидия, асылдандыру мақсатында берілетін пайызсыз несие. Барлығы малшылардың қамы үшін десек, артық айтқандық емес.

Таяуда атақты Шалкөде жайлауындағы «Алтынгенде» атакәсіпті ардақтап, содан нәпақасын тауып, бала-шағасын асырап отырған малшы қауымға арнап өткізген шопандар тойы осының бір айқын дәлелі болса керек. Ұйғыр ауданына қарасты 14 ауылдық округ әкімшіліктері қызметкерлері киіз үйлер қаз-қатар тігіп, жайлау сахнасында ән-күйі төгілген шопандар тойы тып-тыныш дала төрін сән-салтанатқа бөледі. Ауылшаруашылығы саласының қызметкерлері, ауылдық округтердің ветеринарлары, сала ардагерлері мен ауыл тұрғындары қатысқан тойда көкпар, ұлттық ойынның әр түрлерінен жарыстар өтіп, жыл он екі ай мал соңында жүрген шопан мен жылқышының,

ҚОЛДАУ ТАПҚАН МАРАФОН

Келесі кезекте қалалық ардагерлер кеңесінің төрағасы Базарбай Оралбаев пен Қонаев қаласының Құрметті азаматы Қанат Жакыпов батыр бабалардың рухына тағзым ету бүгінгі ұрпақтың парызы екенін еске салып, жастарды елге қызмет етуге, тарихты ұмытпауға шақырды. Алматы қаласы Наурызбай ауданының қауымдастық орталығының басшысы Ермұхаммед Палмағанбетов «Ардагерлер өсиеті» хатын Ләззат Мырзабековаға салтанатты түрде табыстады. Облыстық жастар ресурстық орталығы ұйымдастыру бөлімінің маманы Аяулым Сәрсенбаева соғыс ардагерлері атынан арнайы жазылған өсиет хатты көпшілікке оқып берді. «Ардагер өсиеті» хатындағы сөздер - бір ғана ұрпаққа емес, тұтас ұлтқа арналған. Өткен ғасырдың қиын-қыстау кезеңдеріндегі халықтың қажыры, төзімі мен жеңіске деген сенімі осы хатта көрініс тапқан. Мұндай құжаттар - ұлттың рухани қазынасы. Олар бізге тек өткенді еске түсірмейді, болашақты бағдарлауға да жол ашады. Өсиет хат - ата-баба аманатының тұжырымдамасы. Оның әр жолында парасат, сабыр, елге деген махаббат пен жауапкершілік жатыр. Онда соғыс жылдарының зобалаңы, тылдағы жанқиярлық еңбек, бейбіт өмірдің қадірі мен жастарға айтылар аманаттар қамтылған. Жастардың бұл хатты көзбен көріп, жүрекпен сезінуі өткенге деген құр-



меттің ерекше көрінісі болумен қатар, тарихты оқулықтан емес, тірі куәгерлер мен олардың қалдырған аманаты арқылы ұғынуға мүмкіндік беретін бірегей формат екендігіне көз жеткізді. Марафон барысында ардагерлермен жүздескен жастар олардың өмірлік тәжірибесімен бөлісіп, ұлттық сана мен тарихи

жадыны жаңғыртатын рухани диалог екендігін ұғынды. Ұлт болашағы - өткенін білетін ардагерлердің аманатына адал болатын жастардың қолында екені тағы бір мәрте еске салынып, марафонның азаматтық қоғам тарапынан қолдау тапқанын көрсетті. **Заңғар АЛТАЙ.** Қонаев қаласы.



бақташылардың көңілдерін көтерді. Жайлау төрінде өткен шопандар тойына Ұйғыр ауданының әкімі Бота Елеусізова қатысып, құттықтау сөз сөйледі. Шара барысын-

да аудан әкімі Бота Серікқызы төрт түлігін түгендеп, төрт құбыласын теңестірген мал шаруашылығының нағыз майталмандары мал бағу мен мал басын көбейтуде озық еңбек



етіп, жетістіктерге жеткен бірқатар ауыл малшыларын Алматы облысы әкімінің «Құрмет грамотасымен», «Алғыс хаттарымен» облыстық ауылшаруашылығы басқармасының «Құрмет грамотасымен», «Алғыс хаттарымен» сондай-ақ Ұйғыр ауданы әкімінің «Алғыс хаттарымен» және арнайы сыйлықтармен марапаттады.

Аудан әкімінің өз қолынан «алғыс хат» алып, заттай марапатқа ие болған малшылардың қуанышы еселене түсті. Өйткені, жаз жайлау, қыс қыстаудағы қиындыққа қарамай, атакәсіпті жалғастырып жүрген жандар осындай ұлы дүбір тойды ұмытқалы ширек ғасырдан асып кеткендігі жасырын емес. «Қарапайым еңбек адамының көңілін көтерудің өзі бір ғанибет» дегендей,

малшыларды құрметтеп, қошемет көрсетіп жатқанына малшылардың көңілдері марқайып, қуаныштан жүздері бал-бұл жайнады, оны біз марапат тапсыру барысындағы сәтте анық байқадық.

Бүгінгі күні ата-бабамыздан қалған төрт түлік малды өсірумен айналысып жүрген өрімдей ауыл жастары ұлттық мәдениетті ұлықтап, ұлтымыздың салт-дәстүрі мен өнерін, ас мәзірі мен дала спортын дәріптеп, жалпы ұлттық болмысымызды насихаттап, жиналған жұртқа қуаныш сыйлады. Қашан да және жай жерде болмасын тойдың сәнін кіргізіп, көпшіліктің көңілін көтеріп, адамдарға рухани қуаныш сыйлап жүрген аудан өнерпаздарының еңбегі ерекше құрметке ие. Өн мен күйдің тізгінін ұстаған әнші мен күйшілердің талантын асырып, оларды тынымсыз дайындап ұшатын құстай баптап әкелетін Ұйғыр аудандық мәдениет үйінің жетекшісі Салтанат Ермұхаметоваға тікелей байланысты. Сол үшін Салтанат ханымға көпшіліктің ризашылық алғысы мол.

Той салтанаты барысында қонақтар атынан сөз алған зейнеткерлер ұлағатты ұстаз, сонау замандарда ауылдық кеңестің төрағасы болып, малшы қауымымен бірге жүрген Ноғайбек Дәуренбеков, жергілікті акын Мамытқан Құдайбергенов шопандар тойына жыр шумақтарын арнаса, Ұйғыр этномәдениет орталығы атынан ауданның үлкен жігітбасы Нурмахмәт Ариповтер шопандар тойымен құттықтап, ізгі тілектерін жеткізді.

Жайлау төріндегі кең көлемді ән-думаннан соң ырысын төрт түлік малдан іздеген малшылар қауымы бір жасап қалды. Қазақ күресінен жауырыны жерге тимеген палуандар боз кілемде бақ сынасты. Ат құлағында ойнайтын атбегі спортшылар теңге ілуден сайысқа түссе, білекті жігіттер ат үстінде аударыспақтан тамаша ойын өнерін көрсетті.

Малшылар құрметіне тігілген арнайы ақшақан үйлерде әрбір ауылдық округ малшыларына, алыс-жақыннан келген қонақтарға ас беріліп, бір-бірімен арқа-жарқа болысқан малшылар қауымы, ақсақалдар мен ақ жаулықты аналар, әзілі жарасқан бозбала, бойжеткендер нағыз тойдың сәнін кіргізіп, есте қаларлықтай әсер қалдырды.

Жұман МАТАЙ,
журналист.
Ұйғыр ауданы.

Память

Историю вспять не повернуть

ТЕПЛО СЕРДЕЦ

Сегодня мы особенно остро понимаем важность передачи истинных ценностей растущему поколению. Процесс этот достаточно сложный, длительный. Ответы на многие вопросы есть в нас самих, в нашем окружении, в светлом и горьком опыте соседних стран и нашего собственного государства, в прошлом и настоящем. Мы должны сохранить и учить сохраняя память. Рассказы ветеранов, ярких личностей, интересных людей, и встречи с ними дают уверенность и вдохновение, преподносят нам бесценные уроки. Помню, как после знакомства с журналом «Камертон» под редакцией Темирлана Толегенова в 2006 году в нашей школе заработала программа «Еліміздің мәдениетін бағала және құрметтей біл», и она дала плоды. Ребята с воодушевлением рассказывали, сдавая зачеты, о культуре казахского народа. Так, моя ученица Марина Юнникова на казахском языке увлеченно, с любовью говорила о традициях казахов, а наш выпускник Азиз Бекесов с гордостью рассказывал о службе в армии, рассуждал о Государственном гимне.

Изучая вместе с учениками художественные произведения и публицистику – как отражение исторической памяти,- мы говорим о феномене военного и послевоенного поколения, о дружбе народов. Историю вспять не повернуть. Все, что было, – это наша действительность, которую сопровождали и радости, и трудности.

Недавно в наш городок к своей сестре приезжала Анна Белоус из Усть-Илимска Иркутской области. Семья Степанович– мои соседи и родители наших замечательных учеников. Общась, мы узнали, что гостя прошла многие туристические маршруты– это вершины гор Алатау и Тургеньские водопады, Кольсай и Маралсай. За дастарханом наши размышления о Родине и людях шли в унисон. Узнала, что Анне понравилась наша национальная кухня: мясо по-казахски, коже и курт.

К слову , о курте... Я смотрела на ее светлое, одухотворенное впечатлениями лицо и вспоминала, как бросали этот самый курт дети, посланные матерями и эже, другим



женщинам – женам так называемых «изменников родины». Тогда наши предки принимали всех сосланных с состраданием и делились последним, а те благодарили – за курт, за приют, за тепло сердец. Эти чувства были искренними и взаимными.

Сегодня хочется поговорить о людях, которые жили и созидали, строили наше настоящее. И они живы, пока мы их помним.

ВЫБОР И ОТВЕТСТВЕННОСТЬ КАЖДОГО

Не могу не написать и о том, как 24 октября 2023 года в городе отмечали 100-летие (!) Владислава Федоровича Легостаева, выпускника нашей школы, ее давнего и доброго друга. Это было большое событие для родных и близких фронтовика и для всей общественности Талгара. Командир минометного взвода в свой день рождения вспомнил эпизод, когда один из солдат вермахта в Сталинграде попросил не убивать его– ведь его дома ждали дети. И наш боец дал ему шанс попасть в плен и выжить...

Рассказы фронтовика, затаив дыхание,

слушали несколько поколений талгарских школьников. И Владислав Федорович, каждый раз слыша имя своего недавно ушедшего друга Жумабека Сапарова, не мог сдержать слезу.

Прошлой осенью школа поздравила ветерана с Днем пожилых людей. Традиционно наши ребята оказывают помощь ветеранам в рамках тимуровского движения. К сожалению, до 80-летия Победы Владислав Федорович не дожил, светлая ему память.

Жить в человеколюбии, благодарности, принятии – все это не зависит от эпохи, это выбор и ответственность каждого. Особенно это чувствуется в работе с детьми. И как никогда актуальны сейчас слова австрийского психолога Виктора Франкла, прошедшего застенки концлагерей: «На свете есть две «расы» людей– порядочные и непорядочные». Представители разных национальностей вместе шли в бой, вместе восстанавливали города и села после войны и землетрясений, строили заводы и школы. Они учили нас жить в мире и дружбе, и мы должны их уроки передать будущим поколениям.

О чем еще хочется написать?.. В этом году

исполнилось 36 лет со дня вывода советских войск из Афганистана. И звучит сегодня авторская песня о братской дружбе воина-«афганца» Рашида Примбаева. Рядом с ним Аукенов Бауыржан, Курбанбаев Аллаберген, Демеуов Таргын и многие другие– они наши земляки, наша гордость и наша поддержка. Они вручают матерям медали «Ана жүрегі», оказывают помощь вдовам. В школе традиционно проходят дни памяти «афганцев» Владимира Пустового и Сергея Пикулина.

Да, разное поколение, разные цели... Но войны-«афганцы», переняв у солдат Великой Победы мужество и благородство, несут сегодня вахту памяти, своим обостренным чувством справедливости напоминают миру о мире.

Хранить память, беречь память– это наш нравственный долг перед самими собой и перед потомками. Память– основа совести и основа культуры. Эпиграфом к своей недавно написанной книге «С чего начинается Родина?..» я взяла слова писателя Ануара Алимжанова: «Да, память человеческая взыскательна... Лишь в одном во все века было постоянство у людей– в стремлении к познанию друг друга, в желании понять близкое и далекое, осмыслить минувшее и взглянуться в будущее, в неумной жажде перенять все доброе, светлое, все лучшее друг у друга: в естественной потребности взаимно обогатить друг друга мыслью высокой...».

Принцип «разделяй и властвуй» не должен стать нормой жизни. Мы прошли многое. Сочувствуя детям Хиросимы и Нагасаки, мы не знали, что становление ядерной державы СССР происходило на нашей земле. И вот уже из истории движения «Невада– Семей» под руководством Олжаса Сулейменова, из рассказа Роллана Сейсембаева «День, когда рухнул мир», из книги Мурата Ауэзова «Времен связующая нить», из школьных учебников сегодняшние дети узнают правду. А за окном их ждет тревожный мир, полный противоречивых событий и идей. Как же многому надо их научить!

Жибек БЕКЕНОВА,
учитель русского языка и литературы
ОСШ № 1 имени И.Ф. Халипова г. Талгар

Великой победе-80 лет!

ПАМЯТЬ О ПАВШИХ ЖИВА

Война! Какое суровое и хлесткое слово! По словам тех, кто прошел ее огненными дорогами, война – это смерть, разруха, голод, страдания миллионов людей, которые никогда не вправе забывать, на какие жертвы обрекла всех она, сколько судеб искалечила и изранила, принесла много горя и слез поколению, выстрадавшему, но победившему. Эта тема, наверное, никогда не исчерпает себя, так как всегда будет актуальна и священна. Когда слушаешь ветеранов-фронтовиков, прежде всего, невольно возникает мысль об истоках их мужества, стойкости и самопожертвования во имя святого долга перед Родиной. Их подвиги, совершенные на войне, заслуживают поистине неподдельного уважения и преклонения, являются ценнейшим достоянием и примером для нынешнего поколения.

Живых ветеранов практически осталось очень мало, поэтому память о тех, кто погиб во имя жизни и мира на земле, должна быть всегда жива. Она как напоминание нам о том, что такие мужественные люди – и есть история нашего государство.

Немало наших земляков полегло на фронтах войны, их заслуги перед Отечеством неопенимы. Но вместе с тем, нам необходимо знать о них, ведь живые должны помнить о мертвых.

Наш земляк Тазабеков Батырхан был участником Великой Отечественной войны. Родился Батырхан 3 мая 1914 года в с.БахБахты Балхашского района Алматинской области. В июле 1941 года ушел на фронт из г.Талгара. Слово война стала суровым испытанием для война, который считал за доблесть защищать Страну Советов. Начало войны застало Батырхана под Москвой, где развернулись самые страшные и жестокие бои. Сражался здесь мужественный солдат с фашистскими захватчиками в 1077 стрелковом полку. В декабре 1941 года был ранен и попал в эвакогоспиталь № 3321. После излечения от полученных ран, Батырхан участвует в боевых действиях уже в 648 стрелковом полку. Отважно сражаясь за свою Родину, он получил осколочное ранение в левую руку, попал в 605 санитарный батальон, откуда был комиссован в январе 1943 года на родину. В 1944 году Тазабеков Батырхан вступает в члены КПСС. В ходе войны во всей полноте раскрылись его замечательные качества, как отважно-



го мужественного солдата. Поэтому за проявленные мужество и отвагу в войне он был удостоен медалью «За победу над фашистской Германией» в 1941-1945гг. С 1943 года по 1948 годы Тазабеков Батырхан работает народным судьей 1-го участка района им. 28 гвардейцев Талдыкурганской области, с 1948 года по 1952 год был народным судьей Кировского района Талдыкурганской области.

В 1952 году он был направлен на работу в г.Талгар директором Талгарской районной заготовительной конторы, которой возглавлял до последних дней. Своей активной жизненной позицией, смелым волевым характером, непримиримостью к несправедливо-

стям жизни, честным и бескорыстным служением Родине, он сполна выполнил свой воинский и гражданский долг перед народом и Родиной. Принимая активное участие в политической, общественной и хозяйственной жизни района, избирался депутатом районного Совета. Значителен его вклад в развитие народного хозяйства, сельской потребительской кооперации, воспитания молодых кадров Талгарского района и г.Талгара. В это и есть истинный патриотизм лучших сынов Отечества, кому являлся Тазабеков Батырхан, который был настоящим патриотом своей родины, человеком с большой буквы. За заслуги перед Отечеством и трудовые успехи, он был награжден многими наградами, среди которых: медаль Верховного Совета КазССР «За трудовой отличие», «За самоотверженный труд».

Сегодня его нет в живых, но для друзей, родных и близких он останется в памяти настоящим воином, гражданином и тружеником своей страны. Он будет поистине служить высоким примером преданности Родине и своему народу.

Скоро весь наш народ будет отмечать грандиозную дату – 80-летие Великой Победы, где мы склоним головы перед памятью павших за наше светлое будущее, перед подвигом героев войны. Такие земляки, как Батырхан Тазабеков буду жить вечно в нашей памяти! Слава героям, которые ушли в бессмертие!

Наш корреспондент.

Санитарлық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы хабарлайды

Өндірісте шудың адам ағзасына әсері

Өндірістік шу - бұл өндірістік қызмет барысында пайда болатын және адам ағзасына теріс әсер ететін дыбыстардың жиынтығы.

Өндірістегі шу деңгейінің жоғарылауы еңбек өнімділігі мен жұмысшылардың денсаулығына кері әсер етеді. Есту қабілетінің бұзылуы, жиі айналуы, зейіні мен есте сақтау қабілетінің нашарлауы, гипертония дамуы мүмкін. Ауыр жағдайларда жүрек-қан тамырлары мен ас қорыту жүйесінің ауыр бұзылыстары пайда болады, психикалық бұзылулар дамиды.

Жұмыс орындарындағы шудың параметрлері мен шекті рұқсат етілген деңгейлерін регламенттейтін негізгі құжат «Адамға әсер ететін физикалық факторларға гигиеналық нормативтерді бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 16 ақпандағы № ҚР ДСМ-15 бұйрығы болып табылады.

Жұмыс берушілерге оның жұмысшыларға жағымсыз әсерінің алдын алу шеңберінде шумен күресу бойынша кеңестер: шудың пайда болу себептерін жою немесе оны көзде азайту; тарату жолдарындағы шуды азайту (мысалы, дыбыс өткізбейтін қаптама); жұмысшыны немесе жұмысшылар тобын шудың әсерінен тікелей қорғау; есту мүшелерін жеке қорғау құралдарын пайдалану (антифондар, штепсельдер); аудиометрия, невропатолог, офтальмолог жүргізе отырып, отоларингологта жылына бір рет міндетті тексерумен алдын ала және мерзімді медициналық тексерулер жүргізу; өндірісте шу деңгейі төмен заманауи жабдықты пайдалану; қашықтан басқару және автоматты бақылауды қолдану; дыбыс өткізбейтін қоршауларды, технологиялық процесті басқару кабиналарын қолдану; үй-жайларды шуды сіңіретін материалдармен безендіру; еңбек және демалыс режимін ұйымдастыру; өндірістік бақылауды уақтылы жүргізу. шудың әсерімен бірге жұмысқа қабылдауға қарсы көрсетілімдер: кез келген этиологияның тұрақты есту қабілетінің төмендеуі (кем дегенде бір құлаққа); болжамы нашар отосклероз және басқа созылмалы құлақ аурулары; кез-келген этиологияның вестибулярлық аппараты функциясының бұзылуы.

Н. МЕДЕТОВ,
«Қонаев қаласының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының бастығы

Қазанама



ДҮНИЕДЕН АҢЫЗ АДАМ ӨТТІ

Алматы облысы «Ардагерлер ұйымы» қоғамдық бірлестігі Ұлы Отан соғысы мен еңбек ардагері, Қонаев қаласының Құрметті азаматы Оксана Демидовна Бетебаева 105 жасқа қараған шағында қайтыс болуына байланысты отбасы мен туған-туыстарына қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

Оксана Демидовна 1920 жылы 7 қазан күні Украинаның Полтава облысы, Петрова-Роменский ауданының Венеславовка селосында туған. Жетінші сыныпты бітірген жылы медицина училищесіне оқуға түсіп, оны ойдағыдай аяқтап шығады. Еңбек жолы аудандық ауруханада жалғасады. Екінші дүниежүзілік соғыс басталып, ел шетіне жау келген 1941 жылдың шілде айында әскер қатарына шақырылып, Полтава қаласындағы №1668 госпитальда әскери мейірбике жасағына қабылданады.

Соғыстың алғашқы айларында күндіз-түні майданнан жаралы жауынгерлер лек-легімен келіп жатты. Бастапқы кезде оның бәріне бой үйрету оңайға соқпады. Сұрапыл соғыс уақытында медицина мамандарына жауынгер өмірі өзінікінен де қымбат болды. Талдырмаш бойлы нәзік қыз қанша қиналса да, асқан қайсарлық пен шыдамдылық танытты, жаралы жауынгерлерге көмек қолын созды, қиналған кездерінде қастарынан табылды.

Оксана Демидовна соғыс кезінде Отан алдындағы борышын абыроймен атқарып, ерлік пен жанқиярлық танытқан ерлігі үшін II-дәрежелі Отан соғысы орденімен, Г.Жуков медалімен және көптеген мерейтойлық медальдармен марапатталған.

Оксана Бетебаеваның өмірі қайсарлықтың және Отанға деген сүйіспеншіліктің үлгісі болды. Ол Қонаев қаласының тірі аңызы, елге сыйлы, ел мақтан ететін жан еді. Оксана Демидовнаның жарқын бейнесі есімізде мәңгі сақталады.

Жатқан жері жайлы, топырағы торқа болсын.

Общественное объединение «Организация ветеранов» Алматинской области выражает соболезнование родным и близким ветерана Великой Отечественной войны и труда, Почетного гражданина города Қонаев Оксаны Демидовны Бетебаевой, ушедшей из жизни в возрасте 105 лет.

Оксана Демидовна Бетебаева родилась 7 октября 1920 года в селе Венеславовка в Украине. Сначала она училась в медицинском училище, затем работала медсестрой в районной больнице. Вскоре после начала войны в 1941 году, молодая Оксана Демидовна сменила белый халат на военную шинель.

С началом войны ее направили в госпиталь №1668 в городе Полтава. Там, под постоянными бомбежками, когда раненные солдаты поступали непрерывно, она не покидала операционную сутками. Без сна, без отдыха, под грохот сирен и артиллерии-она боролась за жизни других. Хрупкая и стройная Оксана Демидовна обладала железным терпением. Она перевязывала раны, держала за руку умирающих, но не сдавалась.

В годы войны Оксана Демидовна проявила мужество и самоотверженность, с честью исполняя долг перед Родиной. За проявленный героизм была награждена орденом «Отечественной войны» II степени, медалью Г.Жукова и многочисленными юбилейными медалями. Жизнь Оксаны Демидовны была примером стойкости, мужества и любви к Родине. Она была живой легендой г. Қонаева, была человеком, которого уважали, и которым гордились.

Мы чтим память Оксаны Демидовны в наших сердцах она останется человеком светлой и доброй души. Пусть земля будет пухом!

Тән мен сән

МҰСЫЛМАН ӘЙЕЛДЕРІНЕ ТЫРНАҚ ӨСІРУ, БОЯУ ТУРАЛЫ

Тырнақ туралы мақала жазуыма өзімді мектеп пен қазіргі қоғамдық ортадағы, жалпы қыз-келіншек, әйелдердің соңғы 15-20 жылғы аралықтағы тырнақтарын өсіруі мен бояуы, одан қалды жасанды тырнақ жапсырулары әсер еткен еді. Бұл туралы үнемі кез-келген жиын, орталарда айтайын деймін, бірақ ешқандай орайы мен сәті келмеген еді. Енді міне, үйдегі зейнеткер апайдың бірі ретінде осы тақырыпта ашы да болса шындықты жазайын деген тоқтамға келдім.

Тырнақ адамда, жабайы және үй жануарларында, құстарда болады. Жануарлар мен құстардың тырнақтары өте мықты, оларға өздерінің жауларынан қорғану үшін және қорегін ұстау үшін керек.

Адамның тырнақтары жануарлардың тырнақтарындай мықты болмайды, бірақ бұл адам мен жануарлардың эволюциялық даму кезінде арғы тектерінде бір ұқсастықтың болғанын көрсетеді.

Тырнақ адамның саусақтарының ұшын қорғайды және оларға тірек болады. Тырнақтың теріден шығатын жерін тырнақ ернеуі деп атайды. Егер саусақтың ұшын бірнәрсеге қысып алсаң, тырнақ көгеріп кетеді, кейде түсіп те қалады. Ондай жағдайда, біраздан кейін түскен тырнақтың орнына тырнақ ернеуінен жаңа тырнақ шығады. Аяқтағы тырнақ тәулігіне 0,05 миллиметр жылдамдықпен, ал қолдағы — 0,08 миллиметр жылдамдықпен өседі. Бұл бір жылда тырнақ 3 сантиметрдей өседі деген сөз.

Алғаш келін болып түскен жылдары қайың атам марқұм үйге қонақ болып, қаладан тырнағын өсіріп келген жиен қыздарын «жезтырнақ болмай» тырнағынды алып, бірақ отыр деп, дастарханға келтірмейтін. Амал жоқ, қай кезде келсе де қыздар ағамызға қарсы келмей, тырнағын алып, қолын жуып дастарханға бірақ отыратын.

Ал, қазір ше? Қыздар, әйелдер, апалар да тырнақтарын өсіргені аздай, жасанды мәнді жүруі тиіс. Сонда ғана кейінгі жастар да солай әрекет етер еді.

Тырнаққа қарап дәрігерлер әр түрлі ауруларды анықтаған, ал қазіргі кезде егер тырнағы боялып, жасанды тырнақ жапсырулы болса, оны қалай анықтамақ. Көпшілік әйелдер тырнақтың неліктен боялғандығы, не үшін өсірілгендігі, не үшін жасанды тырнақ жапсырылғандығы туралы мағлұматы жоқ.

Тырнақ – адамның денсаулық жағдайының көрсеткіші. Ақ дақтардың пайда болуы бауырдағы проблемаларды көрсетеді. Ақ және қызғылт дақтар бүйрек ауруын көрсетеді. Өкпенің проблемаларымен тырнақ пластинасы сарғыш болып, тығыздағыштар пайда болады. Анемия көріністерімен тырнақ төсеніші бозғылт түсті болады. Бірақ көк негізді тырнақ табақшасының сарғыш түсі қант диабетін көрсетеді.

«Әйелдер жақсы көретін гель-лак түрлі ауру тудырады. Оның ішінде тырнақ саңырауқұлағы, меланома яғни қатерлі ісік бар. Мұның барлығы тырнаққа ауа жетпегенде пайда болады.Себебі тырнақты белгілі арлақта ғана бояп, арасында дем алдыру қажеттігін ескермейтін, білмейтіндерде бар. Яғни үздіксіз боялған тырнақтарда осындай аурулар пайда болады»-дейді лор дәрігер Злата Паручикова.

Дәрігер, әсіресе лакты ультракүлгінді сәулемен кептірген қауіпті екенін айту-

қатар темір мен мырыштың жетіспейтіндігін көрсетеді. Кейде мұндай жағдай қалқанша безінің ауруы мен қант диабетінің әсерінен болуы мүмкін. Халық тырнақта ақ дақтардың болуын жақсы ырымға баласа, медицинада бұл патология лейконихия деп аталады. Тырнақ қабаттарының арасында микроскопиялық ауа көпіршігі пайда болады, яғни олар тырнақ бетінде ақ нүктелер мен жолақтар сияқты көрінеді.

Тырнақтың пішіні мен түсі бұл кезде әдеттегідей көрінеді. Бірақ мұқият қарап шықсаңыз, тырнақтың тегіс емес екенін және шұңқырларды (инемен тесілгендей) аңғарасыз. Дәрігерлер мұндай ауруды псориаза белгісі деп атайды.

Мұндай тесіктер спортшылар мен денеге ауыр күш жұмсайтын адамдарда кездеседі. Кейде олар жүрек және қан тамырларының жұмысы нашарлап, төмен қан қысымы байқалған жағдайда пайда болады. Сонымен қатар В12 витамині мен темір жетіспеушілігінен болуы мүмкін. Авитаминоз – белгілі бір дәруменнің ағзаға жетіспеушілігінен туындайтын ауру. Бұл жағдайға бей-жай қарап жүре берсе, денсаулық айтарлықтай нашарлай түседі. Сол себепті ағзаңыздағы әрбір өзгеріске зер салыңыз.

Ағзаңызда витамин тапшы болса, тәбетіңіз төмендеп, жиі шаршайсыз. Ұйқыңыз қанбай, жүрегіңіз айниды. Үнемі әлсіреп, ештеңеге зауқыңыз соқпайды. Яғни, денсаулығыңызда болып жатқан әр өзгерістің себебі бар және оған мән беру керек. Мәселен, егер ұйқыңыз қашып, тәбетіңіз жоғалса, басыңыз ауыра бастаса, ағзаға В1 мен В9 дәрумендері жетіспейді деген сөз.

Алла Елшісі (Алланың оған салауаты мен сәлемі болсын) тырнақ алуды таза-



сын жапсырып, неше түрлі бояп, жүргені. Тырнақ ішіндегі ластықты айтпай – ақ қояйын, себебі ғалымдар зерттеуі бойынша қолымызды қанша жусақ та үнемі кір болатыны түсінікті, ал тырнақ іші-нағыз микроб ордасы. Өзім таң қаламын сонда ол әйелдер үйінде тамақ жасап, дастархан жаймайды ма, қонақ күтпейді ме? Үйде жарайды «жалғыз» тұрса дау жоқ, бала – шаға бар емес пе. Ал қонақ күтіп, дастархан жасап, ас әзірлесін, сонда оның тырнағы келергі жасамайды ма? Сол тырнақпен қалай тамақтанады? Ол тырнақ оған тек әсемдік үшін керек пе, әлде қару ретінде ме?

Мектепте тәрбие, сабақ беретін ұстаздар ше? Түрлі етіп бояп сабақта, өсіріп, жасанды тырнақ жапсырып, қоғамдық орындарда жүреді. Біздің алдымызда отырған жастар, шәкірттер оны көріп, не айтады деп неге ойланбайды ұстаздар. Сондықтан да әрбір мектеп, оқу орындарының педагог және қызметкерлері үлгі боларлықтай киініп, жасандыны жапсырмай, тізеден төмен киім киіп, шашты да жиып, сәнді де, да. Қыз-келіншектердің құлағына алтын сырға. Тырнақ бояулары қатерлі ісік ауруына алып келуі мүмкін. «Дені саудың – жаны сау» деген сөзді халық қалт айтпаған. Өзіңізді күтіп, өзіңізге қарап жүрсеңіз, дерт дендемейді. Әрбір ұсақ-түйек дүниенің өзі денсаулығыңызға әсер етеді. Тіпті тырнақтың өзі осыған себепкер. Тырнақтың түріне қарай кездесетін кейбір аурулардың және жағдаяттардың бірнеше түрі бар. Тырнақ, әдетте, түзу әрі тегіс болатыны белгілі. Ал тырнақ өзінің мұндай табиғи формасынан «айни» бастаса, бұл дұрыс тамақтанбаудың, кейде күйзелістің созылуының белгісі. Сонымен бірге, маникюр жасау кезінде де тырнақ жарақаттануы мүмкін. Ал тырнақ бетіндегі шағын ойықтардың терең болуы кейде псориаз не артриттің белгісі болуы да ғажап емес. Мұндай жағдайда тырнақ шыныдай аппақ әрі тырнақ астындағы тері қызыл-қоңыр түсті болады

Егер тырнақ сынғыш болса, адам ағзасында А, Е және С витамині, сонымен

лыққа қатысты бес сүннеттің бірі ретінде атап көрсеткен.

«Бес нәрсе адамның болмысынан: сүндетке отыру, ұятты жерді түктен тазарту, мұртты басу, тырнақ қысқарту және қолтық түгін алу» дейді.

Алайда тырнақты қырық күннен артық өсіруге болмайды. Сахаба Әнас ибн Маликтен жеткен риуаятта:

«Бізге мұртты қысқартуды, тырнақ алуды, қолтық және әурет түктерін алуды қырық күннен асырмауға бұйырылды» – деген.

Осыған орай, тырнақты апта сайын алу – мұстахап. Қырық күннен асыру – харамға жақын мәкрүһ, яғни күнә болып саналады.

Тырнақты өсірмей, мезгіл-мезгіл алып отыру керек, өйткені олардың астына кір және ауру тарататын микробтар жиналады

Н.БАЙСЕРКЕЕВА,
Ұйғыр аудандық «Асыл ана»
қоғамдық бірлестігінің
торайымы.